

Жұлдызды түлек.

Өсті міне бойларың

Өсті міне ойларың

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойларың

Мынау үлкен үйде тағы да бір мереке. Біздің кішкентай балапандарымыз бүгін қанат қағып ыстық ұя бақшамыздан ұшқалы жатыр құрметті жиналған қауым. Бүгінгі “Айгөлек” М.А.Д тобының бақшамен қоштасуға арнап дайындаған концерттік бағдарламамызды көріп тамашалаңыздар.



I. Ән: Хор Ән балабақша.

Келесі кезекті балапандарымыздың жаттауларына берейік.

Денсаулыққа болаттай

Ауруларды жолатпай

Күнде келіп әбігер

Қарқоршымыз дәрігер

Жұлдыз апайға мың алғыс (Аяна)

Тәтті тағам пісірген

Айран, сүтін ішкізген

Гүлмира, қарашаш апайлар

Сіздеге мың алғыс (Айнұр)

Көрініс: Портфель

Биік те емес аласа

Бір портфель тұр жараса

Қызыққандар кіре алмай

Сыртында жүр таласа

Сонда бұны кім алған,

Ішіне оның не салған

Құлпын ашып көрейік

Нелер барын білейік

Пай-пай-пай. Түсім бе әлді өңім бе? Бұл жай портфель емес шығар. Қәне ішінде кім – кім бар екен.

-Тук,тук Мұнда кім бар екен. Ешкім жауап бермейді ғой. Олай болса мұнда мене тұрамын.

- Әліппе

Мына портфельдің ешігі ашық екен. Мұнда біреу тұратын сияқты. –Тук,тук мұнда кім бар.

- Ооо қалам досым сен бар екенсің ғой. Менде тұрсам болады ма?
- Әліппе білім анасы,
Әліппе кітап данасы
Әліппе бетін ашпаған

Барма адам баласы?
Дәптер-Нұрсұлтан
-Мына үйдің кереметін қараңыздаршы
Кім тұрады мұнда?
-Жазу шығар болса кім
Онда менде керекпін
Кіргізіңдер мені де
Бір тұрайық демекпін.

«5» Жантөре

Оқушының бәрі де
Мені жақсы көреді
Портфельдің төрінен
Маған орын береді.

«4» Арыстан

Жақсы оқитын балалар
«4» пен «5» алады
Ұқыпты өзі ынталы
Тәрбиелі болады



«2» Аян

Протфелім мені қалдырмай

Кіргізіп ал ішіңе

Жалқауларға жайлымен

Жалынбаймын үшіңе

Қыз-Айым

Мен іздеген портфелім

Іздеп жүрсем алыстан

Шыға келді алдымнан

Ант беремін, уәде айтып

Жақсы оқушы боламын

Кілең бестік аламын

Тәрбиелі, үлгілі – Қазақстан азаматы боламын.

II. Келесі кезекті балапандарымыздың жаттауларына берейік.

Балабақша, балабақша

Шаңырағында шаттықтың

Балабақша қорғанышы

Балғын сәби жастықтық. (Ұлдана)

Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Балабақшамен қоштасып

Біріншіге барамыз. (Фарида)

Қуанышымыз біздің мол
Мектепке біз тарттық жол
Ұмытпаймыз өзіңді
Балабақшам қош-сау бол. (Асылым)

Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтанда біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Алия апайға мың алғыс! (Еркемай)

**Тәрбиеші: біздің балабақша балапандарының мың бұралған биін
тамашалаңыздар.**

- До-ре-ми
- Моряктар
- Индиский



- Қызыл раушан биі.

Қоштасу сәтінеде жетіп қалдық.

Айналайын алтындарым. Бүгін міне бақшаны аяқтап, мектеп табалдырығын аттағалы отырсыңдар. Осы қадамдарыңа құт қонсын! Балапандарым біз сендердің әр қуаныштарың үшін , әр жетістіктерің үшін балаша қуанып отырамыз, мақтанамыз, мақтан етеміз. Бізді ұмытпаңдар, жандарым.



